

ТОҒЫСЫҢҚЫ ЕРІН ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРДЫҢ ҮЙЛЕСІМ ТҮРЛЕНІМІ

Ә.Бәйімбетова

Дауыссыз дыбыстар өздігінен буын құрай алмайтын болғандықтан, тікелей сөз құрауға қатыса алмайды. Олар тек дауыстылармен бірігіп барып қана буын деңгейінде сөз құрауға қатысады. Қазақ тілінің дауыссыз дыбыстары 9 дауыстымен тіркесіп барып буын құрамына енеді. Сондықтан дауыссыз дыбыстардың жасалымы (артикуляциясы) әрбір дауыстының жасалымымен үйлесіп барып буынға бірігеді. Бір буын құрамындағы дауыссыз дыбыс жасалымының дауысты дыбыс жасалымымен кірігіп, өзара икемделуін дауыссыздардың *үйлесім түрленімі* дейміз.


Қазақ тіліндегі 9 дауысты дыбыстың әрқайсысының өзіне тән үйлесім белгілері бар. Ендеше әрбір дауыссыз дыбыстың үйлесім түрленімі сол дауыстылардың үйлесім белгілеріне тікелей байланысты болады.

Сөйлеу үстінде дауыссыз дыбыстар өздерінің негізгі жасалым белгілерін тұрақты сақтап отырады. Дауыссыздың негізгі жасалым белгілері қандай дауыстымен тіркесе де өзгермейді. Бірақ буын құрап тұрған дауыстының ықпалымен дауыссыздың негізгі жасалымының үстіне үйлесім белгілер қосылады. Соның нәтижесінде дауыссыздардың үйлесім алофондары (варианттары) пайда болады.

П^a , Б^a , М^a – тіл ауыз қуысында төмен жатады, тілдің тік қалпына қарай **төменді** дыбыс болып табылады, ерін тігінен жазылып барып жасалады, ерін қалпына қарай **ашық езулік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының кейінгі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **кейінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (1 сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай **төменді**, ерін қалпына қарай **ашық езулік**, тілдің көлденең қалпына қарай **кейінді** дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *төменді*, *ашық езулік*, *кейінді* дауыссыз дыбыс.




1 сурет. П^a , Б^a , М^a , У^a дауыссыздарының үйлесім моделі

П^o , Б^o , М^o , У^o – тіл ауыз қуысында төмен жатады, тілдің тік қалпына қарай **төменді** дыбыс болып табылады, ерін тігінен жазылып барып жасалады, ерін қалпына қарай **ашық езулік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының ілгергі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (2 сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *төменді*, ерін қалпына қарай *ашық езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *төменді*, *ашық езулік*, *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.




2 сурет. П°, Б°, М°, У° дауыссыздарының үйлесім моделі

П^б, Б^б, М^б – тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін көлденең жазылып барып жасалады, ерін қалпына қарай **қысаң езулік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының кейінгі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **кейінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (3 сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы*, *қысаң езулік*, *кейінді* дауыссыз дыбыс.




3 сурет. П^б, Б^б, М^б дауыссыздарының үйлесім моделі

Қазақ тілінде **Ы** дауысты дыбысы мен У_(w) дауыссыз дыбысы өзара тіркеспейді.

П^і, Б^і, М^і – тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін көлденең жазылып барып жасалады, ерін қалпына қарай **қысаң езулік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының ілгері жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (4 сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *қысаң езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы*, *қысаң езулік*, *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.




4 сурет. П', Б', М' дауыссыздарының үйлесім моделі

Қазақ тілінде І дауысты дыбысы мен У(w) дауыссыз дыбысы өзара тіркеспейді.

П^у, Б^у, М^у, У^у – тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс баолып табылады, ерін дөңгеленіп барып жасалады, ерін қалпына қарай *доғал еріндік* дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының кейінгі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **кейінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (5 сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы*, *доғал еріндік*, *кейінді* дауыссыз дыбыс.



5 сурет. П^у, Б^у, М^у, У^у дауыссыздарының үйлесім моделі


П^у, Б^у, М^у, У^у – тіл ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін дөңгеленіп барып жасалады, ерін қалпына қарай *доғал еріндік* дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының ілгергі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (6 сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *доғал еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы*, *доғал еріндік*, *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

П^е, Б^е, М^е – тіл ауыз (екінші сыңары) қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін емеурін тартып барып жасалады, ерін қалпына қарай **емеурін езулік** дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының ілгері жартысында жатады, тілдің


көлденең қалпына қарай **ілгерінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (7 сурет).



6 сурет. Пʸ, Бʸ, Мʸ, Уʸ дауыссыздарының үйлесім моделі

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *емеурін езулік*, тілдің көлденең қалпына қарай *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы*, *емеурін езулік*, *ілгерінді* дауыссыз дыбыс.



7 сурет. П°, Б°, М° дауыссыздарының үйлесім моделі

Қазақ тілінде **Е** дауысты дыбысы мен **У(w)** дауыссыз дыбысы өзара тіркеспейді.

П°, Б°, М° – тіл (екінші сыңары) ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай **жоғарылы** дыбыс болып табылады, ерін сүйірленіп барып жасалады, ерін қалпына қарай *сүйір еріндік* дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының кейінгі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай **кейінді** дауыссыз дыбыс болып табылады (8 сурет).

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай *жоғарылы*, ерін қалпына қарай *сүйір еріндік*, тілдің көлденең қалпына қарай *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: *жоғарылы*, *сүйір еріндік*, *кейінді* дауыссыз дыбыс.

Қазақ тілінде **О** дауысты дыбысы мен **У(w)** дауыссыз дыбысы одағай сөздердің құрамында ғана (ОУ! т.б.) өзара тіркеседі.


$\text{П}^0, \text{Б}^0, \text{М}^0, \text{У}^0$ – тіл (екінші сыңары) ауыз қуысында жоғары жатады, тілдің тік қалпына қарай жоғарылы дыбыс болып табылады, ерін сүйірленіп барып жасалады, ерін қалпына қарай сүйір еріндік дыбыс болып табылады, тілдің дөңес арқалығы ауыз қуысының ілгергі жартысында жатады, тілдің көлденең қалпына қарай ілгерінді дауыссыз дыбыс болып табылады (9 сурет).



8 сурет. $\text{П}^0, \text{Б}^0, \text{М}^0$ дауыссыздарының үйлесім моделі

Дауыссыз тілдің тік қалпына қарай жоғарылы, ерін қалпына қарай сүйір еріндік, тілдің көлденең қалпына қарай ілгерінді дауыссыз дыбыс.

Үйлесім жасалым белгілері: жоғарылы, сүйір еріндік, ілгерінді дауыссыз дыбыс.



9 сурет. $\text{П}^0, \text{Б}^0, \text{М}^0, \text{У}^0$ дауыссыздарының үйлесім моделі

Сонымен тоғысыңқы ерін дауыссыздар әрбір дауыссызбен белгілі бір артикуляциялық үйлесімін тауып барып тіркеседі екен.

Резюме

В статье описаны артикуляционные характеристики губных смычных согласных казахского языка в сочетаний с гласными.

Resume

This article describes speech properties of labial occlusive consonants in aggregate with vowels in kazakh language.

Özet

Bu makalede Kazakçadaki ünlülerin diş-dudak ünsüzleri arasındaki uyumunun sesleniş nitelikleri ele alınmaktadır.